

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ

V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 3-13 сәуір 2018 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты
Халақаралық ғылыми конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 09-12 сәуір 2018 жыл

2 том

V МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 3-13 апреля 2018 год

МАТЕРИАЛЫ

Международной научной конференции
Студентов и молодых учёных
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 09-12 апреля 2018 год

Том 2

V INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 3-13 April, 2018

MATERIALS

International Scientific Conference
Of Students and Young Scientists
«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, 09-12 April, 2018

Volume 2

Алматы
«Қазақ университеті»
2018

Тайженбетова А.Б. ТҰЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ӘЛЕУМЕТТІК – ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ	140
Юсупова Б. ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ТІЛ ФИЛОСОФИЯСЫ	143
СЕКЦИЯ "УНИВЕРСАЛЬНОСТЬ И УНИКАЛЬНОСТЬ РЕЛИГИОВЕДА: ОТВЕТ ВЫЗОВАМ СОВРЕМЕННОСТИ"	
Бокенбай Ж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ ИДЕОЛОГИЯДАН ЗАРДАП ШЕККЕН ӘЙЕЛДЕР МӘСЕЛЕСІ	146
Камбаров Р.М. ТАУРАТТАҒЫ МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР БЕЙНЕСІ	150
Исаков Б.А., Байтенова Н. Ж. ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТТЕГІ ИСЛАМ ДІНІНІҢ ОРНЫ	151
Касаинова К.Е., Байтенова Н.Ж. КИЕЛІ ОРЫН ҰҒЫМЫ: МӘНІ, АНЫҚТАМАСЫ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ	155
Отарбасва П.Ф., Құрманалиева А.Д. ТМД ЕЛДЕРІНДЕГІ ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМ	157
Сагнадина А.Т., Борбасова Қ.М. ПРЕСВИТЕРИАНДЫҚ АҒЫМНЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ	159
Таласбаев Ш.А., Борбасова К.М. ИНТЕРНЕТ И РЕЛИГИОЗНЫЕ КОММУНИКАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ	161
Рысбек Т., Рысбекова Ш.С. САЛАФИЯ АҒЫМЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?	165
Хумархан Ж., Бегалинова К.К. ИСЛАМНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ: МАЗМУНЫ ЖӘНЕ МӘНІ	169
Шайкенова Р., Мухитдинов Р. ТӘПСІР МЕН ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ	171
Макангали Б. ПОДХОДЫ САУДОВСКОЙ АРАВИИ В ОБЕСПЕЧЕНИИ РЕГИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В ПЕРСИДСКОМ ЗАЛИВЕ	174
Мустафина Ж.Д., Борбасова Қ.М. РӘМІЗ ГЕНЕЗИСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДЫҚ МИФОЛОГИЯДАҒЫ ОРНЫ	177
Садібеков Е.Ө., Масалимова А.Р. ДІННІҢ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАРДАҒЫ АДАМНЫҢ ДЕСТРУКТИВТІ ҚАСИЕТІНЕ КӨЗҚАРАСЫ	180
Балпанов Н., Исмагамбетова З.Н., Карабаева А.Г. ОПЫТ ФОРМИРОВАНИЯ КУЛЬТУРЫ ТОЛЕРАНТНОСТИ В ЭТНОКОНФЕССИОНАЛЬНЫХ ОНОШЕНИЯХ ЗА ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ В КАЗАХСТАНЕ	183
Сапаров Б.Ж. КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕГІ ДІН МЕН МЕМЛЕКЕТ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	186
Тутинова Н., Мейрбаев Б.Б. МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНЫЙ, МЕЖКУЛЬТУРНЫЙ ДИАЛОГ-УСЛОВИЕ ПРЕОДОЛЕНИЯ БЕЗДУХОВНОСТИ И УГРОЗЫ КРИЗИСА МОРАЛЬНО-ПРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ ЧЕЛОВЕЧЕСТВА	190
Әбікенов Ж.О., Ғабитов Т.Х. СЕМИОТИКАНЫҢ ТҮРЛІ ТАНЫМДЫҚ ДЕНГЕЙІН ТАЛДАУ НЕГІЗДЕРІ	194
Amangeldi Zh., Tursun G. LINGUOCULTURAL ASPECTS OF SHAMANISM IN THE KAZAKH FOLK CULTURE	198
Наисбаева А.К., Масалимовой А.Р. ГЕНДЕРНЫЕ АСПЕКТЫ СОВРЕМЕННОЙ РЕКЛАМЫ	201
Rustemova A., Aldabek N.A. HISTORY OF EDUCATIONAL MODERNIZATION IN JAPAN	205
Исмаилова С., Чан Бенг Сун ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ КУЛЬТУРНОЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ КОРЕЯ В 1948 – 2003 ГГ.	210
Құдайбергенов С.Е. МУЗЕЙ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ	213
Алдабек Н.А., Нуржасва А.М. СОХРАНЕНИЕ «КИТАЙСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ» В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ	215

Тайженбетова А.Б. ТҮЛГАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ӘЛЕУМЕТТІК – ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ	140
Юсупова Б. ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ТІЛ ФИЛОСОФИЯСЫ	143
СЕКЦИЯ "УНИВЕРСАЛЬНОСТЬ И УНИКАЛЬНОСТЬ РЕЛИГИОВЕДА: ОТВЕТ ВЫЗОВАМ СОВРЕМЕННОСТИ"	
Бокенбай Ж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ ИДЕОЛОГИЯДАН ЗАРДАП ШЕККЕН ӘЙЕЛДЕР МӘСЕЛЕСІ	146
Камбаров Р.М. ТАУРАТТАҒЫ МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР БЕЙНЕСІ	150
Исаков Б.А., Байтенова Н. Ж. ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТТЕГІ ИСЛАМ ДІНІНІҢ ОРНЫ	151
Касайнова К.Е., Байтенова Н.Ж. КИЕЛІ ОРЫН ҰҒЫМЫ: МӘНІ, АНЫҚТАМАСЫ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ	155
Отарбаева П.Ғ., Құрманалиева А.Д. ТМД ЕЛДЕРІНДЕГІ ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМ	157
Сағнадина А.Т., Борбасова Қ.М. ПРЕСВИТЕРИАНДЫҚ АҒЫМНЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ	159
Таласбаев Ш.А., Борбасова К.М. ИНТЕРНЕТ И РЕЛИГИОЗНЫЕ КОММУНИКАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ	161
Рысбек Т., Рысбекова Ш.С. САЛАФИЯ АҒЫМЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?	165
Хумархан Ж., Бегалинова К.К. ИСЛАМНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ: МАЗМУНЫ ЖӘНЕ МӘНІ	169
Шайкенова Р., Мухитдинов Р. ТӘПСІР МЕН ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ	171
Макангали Б. ПОДХОДЫ САУДОВСКОЙ АРАВИИ В ОБЕСПЕЧЕНИИ РЕГИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В ПЕРСИДСКОМ ЗАЛИВЕ	174
Мустафина Ж.Д., Борбасова Қ.М. РӘМІЗ ГЕНЕЗИСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДЫҚ МИФОЛОГИЯДАҒЫ ОРНЫ	177
Садиев Е.Ө., Масалимова А.Р. ДІННІҢ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАРДАҒЫ АДАМНЫҢ ДЕСТРУКТИВТІ ҚАСИЕТІНЕ КӨЗҚАРАСЫ	180
Балпанов Н., Исмагамбетова З.Н., Карабасва А.Г. ОПЫТ ФОРМИРОВАНИЯ КУЛЬТУРЫ ТОЛЕРАНТНОСТИ В ЭТНОКОНФЕССИОНАЛЬНЫХ ОНОШЕНИЯХ ЗА ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ В КАЗАХСТАНЕ	183
Сапаров Б.Ж. КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕГІ ДІН МЕН МЕМЛЕКЕТ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	186
Тугинова Н., Мейрбаев Б.Б. МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНЫЙ, МЕЖКУЛЬТУРНЫЙ ДИАЛОГ-УСЛОВИЕ ПРЕОДОЛЕНИЯ БЕЗДУХОВНОСТИ И УГРОЗЫ КРИЗИСА МОРАЛЬНО-НРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ ЧЕЛОВЕЧЕСТВА	190
Әбіксенов Ж.О., Ғабитов Т.Х. СЕМИОТИКАНЫҢ ТҮРЛІ ТАНЫМДЫҚ ДЕҢГЕЙІН ТАЛДАУ НЕГІЗДЕРІ	194
Amangeldi Zh., Tursun G. LINGUOCULTURAL ASPECTS OF SHAMANISM IN THE KAZAKH FOLK CULTURE	198
Наисбаева А.К., Масалимовой А.Р. ГЕНДЕРНЫЕ АСПЕКТЫ СОВРЕМЕННОЙ РЕКЛАМЫ	201
Rustemova A., Aldabek N.A. HISTORY OF EDUCATIONAL MODERNIZATION IN JAPAN	205
Исмаилова С., Чан Бенг Сун ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ КУЛЬТУРНОЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ КОРЕЯ В 1948 – 2003 ГГ.	210
Құдайбергенов С.Е. МУЗЕЙ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ	213
Алдабек Н.А., Нуржаева А.М. СОХРАНЕНИЕ «КИТАЙСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ» В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ	215

РӘМІЗ ГЕНЕЗИСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДЫҚ МИФОЛОГИЯДАҒЫ ОРНЫ

Мустафина Ж.Д.,

*«Дінтану» мамандығының докторанты
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

Ғылыми жетекші:

Борбасова Қ.М.,

филол.ғ.д., профессор

Шетел әдебиетінде рәміздің пайда болуы туралы әр түрлі көзқарастар қалыптасқан. Алайда, авторлардың әдіснамасын талдасақ, бір-біріне ұқсамайтын тұжырымдамаларды біріктіретін ортақ ой-пікір айқын көрінеді: бұл рәміздің әлеуметтік-тарихи негізден ажыратылуы, сананың дамуында қоғамдық тәжірибе рөлінің жоққа шығарылуы. Осыған сәйкес, идеалистік философия рәмізделінудің тайнар көздерін адам психикасының ерекшеліктерінен іздейді немесе рәміздің пайда болуын мифологиямен байланыстырады [1; 2].

Материалистік философия рәміздің пайда болуын адамзаттың іс-әрекетімен, қоғам дамуының заңдылықтарымен байланыстыра түсіндіретіндігі белгілі.

Мақалада осындай түрлі ғылыми бағыттар мен тұжырымдамалардың негізінде рәміз қалай пайда болды, неліктен рәміз пайда болды, оның пайда болуына қандай жағдайлар ықпал етті деген сұрақтарға жауап іздеуге тырысамыз.

Рәміз ұғымының бастау тарихы. Рәміздің пайда болуы алғашқы қауымдық сананың дамуымен тікелей байланысты. Ежелгі тас дәуірі адамының күнкөріс көзі аң аулау және терімшілікпен байланысты болды, осы жағдай оны қоршаған табиғи және әлеуметтік ортаға тәуелді етті. Алғашқы қауымдық қоғам кезеңіндегі адамдар арасындағы мақсатты өзара әрекет, өндіріс тәсілі, өмір сүру салты мен мұқтажды ұжымдық еңбегі сананың ұжымдық формасының қалыптасуына алғышарт жасады. Алғашқы қауымдық сана бұл – адам өзі өмір сүріп жатқан дүние туралы әсерленген алғашқы ойлары мен түсініктері. Бұл қоғамдық сананың архаикалық формасы ғылымда алғашқы қауымдық мифология деген атауға ие болды. «Миф» – адам баласының рухани мәдениетінің ең көне түрі болса, «мифология» адам санасының ерекше формасы, ежелгі адамның дүниені танып-білуінің және өзін қоршаған орта туралы білімдерді жүйелеу тәсілі.

Рәміз генезисін зерттеген уақытта алдымен осы мифке тоқталу қажет. Өйткені ежелгі мифтер мен ертегілер алғашқы адамдар тіршілігінің маңызды бөлігі болды, олардың рәміздік мазмұны арқылы адам қоршаған ортаны игеріп, жете түсінді. Мұнда поэзия мен алғашқы білімнің, дін мен әдептің, өнер мен өмірлік тәжірибенің ерекше бірлігі орын алды [3].

Мифологиялық сананың бейнелілік, эмоционалдылық, ассоциативті қасиеттерін атап өту қажет. «Айналдырып жіберу», яғни алғашқы адамдардың табиғаттың дүлей күштерінен қорқып, сезгенін санада өзінше әлдебір бейнеге айналдырып, оған мазмұн беруі, яғни табиғат құбылысын жанды зат ретінде санада бейнелуі, алғашқы қауымдық сананың дүниені іштей танып, игерудегі әдістерінің бірі болды [4, 24 б.]. Аталған мәселемен айналысқан ғалымдар Э.Кассирер, М.Элиаде және тағы да ғалымдардың миф теориясына қосқан зор үлестерін атап өтсеуге болмайды. М.Элиаде мифке мынадай ұғымға береді: «Миф белгілі бір қасиетті тарих туралы болған алғашқы оқиғаны сөз етеді. Бұл ұғым «жаратылыс» туралы, белгілі бір заттың қалайша қалыптасқандығы, яғни өз тіршілігін қалай ұстағандығы туралы сөз» [5]. Дж.Ф.Бирлайнның пікірінше «Миф – адам баласы үшін барлық уақытта бейне бір өзгермейтін, тұрақты дүние. Мифте көрініс тапқан жалпы модельдер, сюжеттер, тіпті ұсақ детальдар барлық жерде немесе заттарда кездеседі. Басқаша айтқанда, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан біздің ата-бабаларымыздың естелік мұраларының жиынтығы. Миф – біздің ұлттанымымыздың құрылымында көрініс тапқан. Ол қанымызда, генімізде таңбаланған» [6]. Э.Кассирер өзінің «Философия символических форм» еңбегінде мифтің синкретизмі мен басқа қасиеттерін талдай отырып, мифологиялық кезең мен кеңістік мәселесін қарастырады [7].

Қазіргі таңда Азия, Африка, Австралия, Америка халықтарының мифологиясы жөнінде қомақты географиялық материал жинақталды және оларда ертедегі мифологиялық сананың рудименттері анықталып келген.

Мифологияның алғашқы адам санасының ерекше түрі екенін ескерсек, рәмізделінудің алғышарттары мифологиялық сана дамуының бастапқы сатыларында қалыптасқандығын аңғарамыз. Осы пікірді негіздеу үшін төрт басты дәлелді келтіруге болады.

Біріншіден, мифологиялық бейне бұл – «болмыстың кейбір тұстарын әсерлене ұғыну...» [8, 102 б.]. Э.Кассиди еңбегінде мифтің «өзі көрініс беретін, белгілейтін, кейіптейтін (табиғат құбылысын жанды зат бейнесінде етіп көрсету) затпен бірлікте болатындығын» айтады [9, 42 б.]. Мифтік

бейнеленудің осы бір ерекшелігін басқа да зерттеушілер атап өтеді. Мысалы, О.М.Фрейдсберг мифологиялық бейнені (образ) санадағы «танымдық белгілеу» деп атайды [10, 28 б.]. Көріп отырғанымыздай, шындықтың санадағы көрінісі белгілі бір затты білдіреді, белгілейді, соңында санада рәмізделінеді. Осы тұрғыдан, мифологиялық бейнені рәміздік бейне деп айтуға болады.

Екіншіден, алғашқы адамдарын қиялдары, тұрпайы түсініктері табиғатты «тірілтіп», оған жан бітірді. Кейіптеу, яғни болмысты тірі зат ретінде түсіну – мифологиялық санаға тән ерекшелік.

Шындықпен қосарланған мифологиялық бейнеде табиғаттың мистикалық күштері мен мистикаланған адамның бірігуі жүреді. Бұл ретте, алғашқы қауымдық кейіптеу (жан бітіру) нақты болғанымен, онда шындықтың рәмізделенуі орын алады. А.Ф.Лосевтің пікірінше, кез-келген миф рәміз болып табылады, өйткені ол тіршілік иесі түріндегі жалпы идеяларды біріктіреді, ал тіршілік иесінің мүмкіндіктері шексіз. Сондықтан да, миф шексіз жаңа нәтижелердің моделі болып табылады, оның түпкі мазмұны сол модельмен бірдей [11, 174 б.].

Алғашқы қауымдық кейіптеуге мысал ретінде ежелгі австралиялықтардың ер адамға теңестірілген – Күн, әйел адамға теңестірілген – Жаңбыр туралы түсініктерін келтіруге болады. Ол бойынша олар аспанда бірін-бірі алмастырып, барлық тіршілік иесіне өмір сыйлайды [12, 11 б.]. Бұл жерде қоршаған ортадағы тіршіліктің көзі жөніндегі түсініктер кейіптеніп, өзінің мүмкіндіктері жағынан шексіз тіршілік иесі-бейне ретінде (ер – күн, әйел – жаңбыр) тіріліп отыр.

Үшіншіден, кейбір зерттеушілердің пікірінше, мифологиялық бейне – ол сезімдік түсінік, алайда ол абстракция мен түйіндеу элементтерінен тұрғандықтан рәмізді болып табылады [9, 52 б.; 13, 256 б.]. Абстракттілі ұғымды әсерлі түсіну – бұл рәміздің белгісі.

Төртіншіден, мифологиялық сана дүниетанымдық мәселелердің стихиялы қойылуымен сипатталады. Алғашқы қауымдық мифология ойлау заңдылықтары бойынша емес, елестету, қиялдау заңдылықтары негізінде құрылды, сондықтан «миф дүниені түсінуден әріге ешқашан бармады» [14, 47 б.].

Сонымен, рәмізделінудің бастауының біз келтірген төрт дәлелі оның қалыптасып келе жатқан мифологиялық сананың алғашқы сатыларында-ақ орын алғандығын көрсетеді. Рәміздің бастапқы тарихын, яғни, рәмізделінудің әлеуметтік және гносеологиялық алғышарттарының жиынтығын рәмізалды рәміз (пред-символ) деп атауға болады. Бұл термин рәміздің генезисін ашып көрсету үшін қажет.

Жоғарыда атап өтілгендей, мифологиялық санаға ассоциация тән. Алғашқы адамның ассоциациялауға қабілеттілігі өзінің санасында түрлі объектілерді ішкі белгілері мен сыртқы ұқсастықтарына қарай біріктіруге мүмкіндік берді. Мысалы, мифологиялық санадағы дуалды оппозицияларды талдау кезінде аспан, күн, жарық, күш, тазалықтың ер адаммен, ал жер, ай, қараңғылық, әлсіздік, зұлымдықтың әйел затымен байланыстырылатыны анықталады [15, 241-245 бб.]. Байқап отырғанымыздай, алғашқы адам санасының ассоциациялау қабілеттілігі рәмізделенудің маңызды алғышарты, яғни, бір заттың екіншілері арқылы көрініс беруі болып табылады.

Сойтіп, рәміз генезисінің бастапқы сатысын талдай келе, төмендегідей қорытынды жасауға болады: 1) алғашқы адам санасында қоршаған табиғи және әлеуметтік орта туралы тұрпайы түсініктердің бейнеленуі – бұл рәміздің қайнар көздері; 2) архаикалық сананың бастапқы сатысында табиғаттың тылсым күштерінің кейіптеліп, бейнеленуі – рәміздің алғышарты және бастапқы тарихы ретінде рәмізалды рәміздің (пред-символ) қалыптасуына алып келді.

Рәміздің пайда болуы. Уақыт өте келе алғашқы адамдардың қоршаған орта туралы түсініктері күрделене түсті. Ежелгі мифологиялық бейнелер біртіндеп зооморфтық сипатынан айырылып, құдайлар мен аруақтардың антропоморфты бейнесіне айналды. Тылсым күштер образдарының қалыптасуы дүниенің шынайы және адам санасынан тыс дүние болып бөлінуіне алып келді. Бұдан былай пұтқа құрбандық шалу басталды. Сәйкесінше, мифологияның діни жағы дамыды.

Мифологиялық образдарды эпостық және діни қайта өңдеу рәмізделінудің саналы үдерісінің алғышартын білдіреді. Рәміздің пайда болуына өтпелі кезең ретінде кейіптелуді есептеуге болады. Осы кейіптелудің эволюциясы мифологияның тұрпайы формаларының жойылуына әкелді. Табиғи және әлеуметтік құбылыстарды бейсаналықтан саналық тұрғыдан мифологиялық ойлаудың алғашқы қадамдары, яғни, рәмізделінудің үрдісінің жүруі рәміздің пайда болғандығын білдіреді. Басқалай айтқанда, рәмізге айналу үшін мифологиялық образ материалдық объектіге (қандайда бір зат, бейне, әрекет, т.б.) айналуы тиіс.

Ежелгі мифологияда рәміздер еңбек саласы мен адамдардың өзара байланысында түрлі қызметтерді атқарды. Олар алуан түрлі қызметпен, шаруашылық өмір, тұрмыс, түсініктерімен байланыстылығымен ерекшеленді. Мәселен, би мен ғұрыптық рәсімдер түрлі сипаттағы ақпараттарды жеткізудің, эмоцияны білдірудің, қарым-қатынас тәсілінің рәміздік формасы ретінде қызмет етті. Рәміздер туысқандар немесе жауласушы көршілес ұжымдар арасындағы қарым-қатынасты реттеуге

комектесті. Мысалы, мекео папуастарында мерекеге дейін бір ай бұрын бір топ ер адамдар көршілеріне шақырумен барды, оның символы кротон ағашының бір шоғыр жапырағы болды [16, 123 б.].

Көріп отырғанымыздай, рәміздер мифологиялық санада өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Рәміздер генезисінің екінші кезеңін (прасимвол) оюлар түрлері мен геометриялық рәміздердің қалыптасуымен байланыстырамыз. Көптеген зерттеушілер ою-өрнектерді рәміздік формалардың ішіндегі тараған ең көне түрі дегенге тоқталады және ол өзінің нақтылығымен, қарапайымдылығымен, тұрақтылығымен сипатталады [17, 49, 54, 74 бб; 18, 149б].

Егер рәміздің қалыптасу тарихының бірінші кезеңі (пред-символ) табиғаттың тылсым күнтерінің санада бейнеленіп, оған жан бітіріліп, кейіптелуі болса, яғни белгісіз формадан санада бейнелену арқылы образға сніп (бір формадан, екінші формаға отуі), сезілетін болса, рәміз дамуының екінші сатысында (прасимвол) осы бейнелердің біршама нақтыланып, ою-өрнектерде, жоралғыларды, яғни фольклорда көрініс тапты. Рәміз дамуының екінші сатысында рәміз дамуының бірінші сатысының рудименттері сақталып, жалғасын тапты. Яғни, рәміз дамуының екінші сатысы (прасимвол) қазіргі біздің түсінігіміздегі рәміздің тұрпайы түрі болды. Осылайша, рәміз ежелгі мифологияның соңғы кезеңінде пайда болып, оның ыдырауына әкелді. Мифологиялық және мифопоэтикалық рәміздер рәміздің қалыптасу кезеңінің аяқталуына негіз болды.

Өндіргіш күштердің және өндірістік қатынастардың одан әрі дамуы материалдық және рухани өмірге түбегейлі өзгерістер алып келді. Рухани өмірде ұжымдық санадан индивидуалдық сана бөлініп шықты, дүниетаным мен өзіндік сана-сезім қалыптасты. Осы жерде біз үшін (рәміз мәселесіне қатысты) қоғамның және жеке адам санасының эволюциясы маңызды: біріншіден, ойлаудың абстрактілі қасиетінің прогресс жолымен алға басуы, екіншіден, идеологияның пайда болуы. Осы екі тенденцияның рәмізге қатыстылығына тоқталсақ.

Біріншіден, мида мифологиялық бейсаналық-көркемдік бейнелеудің орнын енді дүниені саналы түрде қабылдау басады, яғни, сананың жетілгенін көрсетеді. Рәміз генезисінің толық аяқталуы тікелей осы жағдаймен байланысты. Мифтің санада саналы идеологиялық өңделуі шын мәнісінде оның рәмізделінуі болып табылады. Зат немесе бейнені ажыратпай, біртұтас етіп қабылдау, яғни жалпыдан жеке бөліп алып қарастырмау миф қабілеттілігінің жойылуымен, олардың енді саналы түрде тікелей емес, шартты түрде ғана қайта бірігуі орын алады. А.А. Тахо-Годидің пайымдауынша, «мифтің рәміздік түсіндірілу дәуірі» басталды. Демек, шартты түрдегі сананың пайда болуы рәміз генезисінің аяқталуының дәлелі болды [19, 56].

Екіншіден, абстрактілі ойлаудың дамуы алғашқы қауымдық мифологияның түпкілікті ыдырауына әкелді. Абстрактілі ұғымдар, ой-пікірлер, қорытынды тұжырымдар – мифке қарама-қарсы түсініктер.

Алғашқы қауым мифологиясының эволюциясы мәселесіне байланысты ғалымдардың арасында әлі де болса ортақ пікір жоқ. Мифологиялық сананың дамуы мифтің жойылуына және қоғамдық сана формаларының дифференциациясына алып келді.

Мифологиялық сана эволюциясы көріністерін талдай отырып, алғашқы адамдардың абстрактілі ойлануы мен біршама саналы дәрежеде қорытынды жасай алуы мифологияның жойылуына және оның әлеуметтік сананың басқа формаларына өткенін көрсетті. Абстракция мен адамдардың саналы дәрежеде қорытынды жасай алуы рәміздің белгілері болып табылады және осы қасиеттері шартты түрде рәміздің 1-ші тарихи формасы (пред-символ) мен 2-ші формасынан (прасимвол) ажыратады. Сайып келгенде, рәміз генезисі мифологиялық сананың түпкілікті ыдырауымен байланысты.

Сонымен, рәміздің рәміз болып қалыптасуына жол салған рәміздің «алдыңғы формалары»: 1) тұрпайы санадағы табиғаттың тылсым күштерін жанды зат етіп қабылдап, санада бейнелі түрде орын алуы; 2) рәмізделісетін зат мазмұнының жоғары дәрежеде жалпылануы (ою-өрнек, фольклор, рәсімдер және т.б.); 3) рәміз бен рәміздеуді мақсатты және саналы түрде пайдалану, рәміз мазмұнының идеологиясы.

Рәміз бен өрескел (пред-символ) рәмізді салыстырып, талдай отыра, консервативті, тұрақты өрескел рәмізге қарағанда рәміз өзгеріске дайын тұратынын, икемді және бейімделгіш болып келетіндігін байқаймыз. Сондықтан да рәміздің пайда болуы өрескел рәміздің жоғалып кеткенін білдірмейді, қайта соңғысының қоғамдық сананың түрлі формаларына сніп, рәміздің, оның формалары мен мазмұнының қалыптасуына негіз болғанын аңғарамыз. Сондықтан да рәміздерді ғасырлар бойы қалыптасқан халық жадындағы «мұраларды» сақтап қалушы ретінде қарастыруға болады.

Өрескел рәміздердің замануи рәміздермен өмір сүруі мен өзара әрекеттесуін өнер мен әдебиетте байқалады. Бұл ретте, ою-өрнектің кең таралуын мысал ретінде келтіруге болады.

Рәміздер жүйеленіп, діни идеология талаптарына сай өзгеріп отырады.

Көркемөнерлік рәміздер стихиялық, архаикалық, өрескел рәміздердің негізінде пайда болғанын байқаймыз. Осыған байланысты қоғамдық сана дамуындағы жалғастық пен сабақтастықты көреміз. Шын мәнінде, рәміз нағыз шындықты көрсететін жаңа нысан ретінде замануи қоғамдық сананы мифологиялық сана формасынан ажыратушы көрсеткіші болып табылады.

Рәмізделінудің әлеуметтік-тарихи алғышарттарын гносеологиялық алғышарттармен біртұтастыққа қарастырып, талдау келесідей қорытындылар жасауға мүмкіндік берді. Рәміздің пайда болуы қоғамның тарихи дамуы барысында адамдардың объективті қажеттіліктерінен пайда болды. Рәміз өз бастауын алғашқы сана қалыптасқан кезеңнен алады. Мифологиялық рәміз бұл діни санадағы рәмізге қошудың өтпелі кезеңі, сәйкесінше, рәміздің бастауы, генезисі және эволюциясы оның дінде қызмет етуінің заңдылығын айқындап берді. Рәміз – ежелгі мифологиялық сананың жемісі, ол сонымен бір мезгілде мифтің ыдырауына алғышарт жасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Eliade M. Images and symbols: Studies in religious symbolism. – Kansas City: Sheed Andrews & McMeel, 1961. – 189 p.
2. Langer S.K. Philosophy in a new key: A study in the symbolism of reason, rite and art. – Cambridge, Mass.: Harvard Univ. press, 1942. – 313 p.
3. Марғұлан Ө. Ежелгі жыр, аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар.../ Құраст. Р. Бердібаев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
4. Яблоков И.Н. Религия: сущность и явления. – М.: Знание, 1982. – 64 с.
5. Элиаде М. Миф о вечном возвращении / Пер. с фран. Е.Морозова (1, 2. глава), Мурашкинцев Е. (3, 4 глава). 1998. – 249 б.
6. Бирлайн Дж.Ф. Параллельная мифология. Пер. с англ. А.Блейз. М.: КРОН-ПРЕСС, 1997.
7. Э. Кассирер «Философия символических форм». Том I. М., СПб.: Университетская книга, 2002. – 272 б.
8. Кессиди Ф.Х. Миф и его отношение к познанию, религии и художественному творчеству. – Вопросы философии. 1966, №5, 96-106 бб.
9. Кессиди Ф.Х. От мифа к логосу. – М.: Мысль, 1972. – 312 б.
10. Фрейдберг О.М. Миф и литература древности. – М.: Наука, 1978. – 605 б.
11. Лосев А.Ф. Проблема символа и реалистическое искусство. – М.: Искусство, 1976. – 367 б.
12. Первый бумеранг. Мифы и легенды Австралии. – М.: Наука, 1980. – 150 б.
13. Лосев А.Ф. Знак. Символ. Миф. – М.: Изд-во Моск. Ун-та, 1982. – 480 б.
14. Чанышев А.Н. Начало философии. – М.: Изд-во Моск. Ун-та, 1982. – 184 б.
15. Еремсев А.Ф. происхождение искусства. – М.: Молодая гвардия, 1970. – 272 б.
16. Путилов Б.Н. Миф-обряд-песня Новой Гвинси. – М.: Наука, 1980. – 383 с.
17. Фролов Б.А. О чем рассказала сибирская малопша. – М.: Знание, 1981. – 111 б.
18. Мифы народов мира. Энциклопедия: в 2-х томах. – М.: Советская энциклопедия. Т.I. – 1980, 672 б.
19. Тахо-Годи А.А. Термин «символ» в греческой литературе. – В кн.: Образ и слово: Вопросы классической филологии, вып. УП. – М.: Изд-во Моск. Ун-та, 1980, с. 16-57.

ДІННІҢ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАРДАҒЫ АДАМНЫҢ ДЕСТРУКТИВТІ ҚАСИЕТІНЕ КӨЗҚАРАСЫ

Садібеков Е.Ө.,

Дінтану мамандығының PhD докторанты

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Ғылыми жетекші;

Масалимова А.Р

әл-Фараби атындағы ҚазҰлттық университет

Әлемдегі жаһанды әлеуметтік өзгерістер қазіргі заман ғалымдары алдында көптеген өзекті мәселелерді алға шығарды, солардың бірі – деструктивтілік. Деструктивтілік адамзат тарихында алғаш адам пайда болған кезеңнен келе жатқан бөлінбес құбылыс болғанымен, ХХІ ғасырдың басында аса бір маңыздылыққа ие болды. 2001 жылдың 11 қыркүйегінде болған жағдай адам деструктивтілігіне деген көзқарасты жаңартты. Өйткені, сол кезеңнен бастап, жаппай қыру, террористік актілер, экстремизм және радикализм секілді көріністер адам табиғатына қайта бет бұрғызды. Қазіргі таңда психологтар террористердің мотивациясын зерттеу үшін көптеген эксперименттер қойюда. Бірақ негізгі сұрақ, әлі де өзекті, деструктивтілік адам табиғатында бар құбылыс па әлде орта ықпалынан пайда болған жағымсыз қасиет пе? Бұл сұраққа дінде және әлеуметтік ғылымдарда жауап іздеуде. Сондықтан бұл мәселе жақын арада өзекті болатыны даусыз.

Қоғамдағы деструктивті тенденцияларды ғалымдар әлдеқашан байқаған. Олардың ішінен екі бағытты айқындауға болады. Бірінші бағыттағы ғалымдар есептеуінше, адам табиғатынан деструктивті емес, ол ортаға байланысты деп есептесе, екінші бағыттағы ғалымдар пікірінше, адам табиғатынан деструктивті болып табылады. Ж.Ж. Руссо және Т. Гоббс секілді философтар адам табиғатындағы зұлымдықты ортаның ықпалымен қалыптасады және адам табиғатындағы қалыптасқан қасиет деп есептеген. Томас Гоббстың пікірімен З. Фрейд және К. Лоренц келісті. Бірақ олар институт деңгейінде қарастырды. Олардың пікірінше адам табиғатындағы әрекеттер осы инстинкттерге саяды.